

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI  
Ó. SULTANĠAZIN ATYNDAGY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultanġazin oqylary» I-shi Halyqaralyq  
ġylymi-praktikalyq konferensiasynyŇ  
MATERIALDARY**

**17-18 мамыр 2019**

**МАТЕРИАЛЫ  
I-ой Международной научно-практической  
конференции «Султангазинские чтения»**

**17-18 мая 2019**

**MATERIALS  
of the I<sup>st</sup> International scientific and practical  
conference «Sultangazin readings»**

**May 17-18, 2019**

**Qostanai, 2019**

ӘОЖ 378 (094)  
КБЖ 74.58  
С 89

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Бас редактор**

*Әбіл Еркін Аманжолұлы*  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Бас редактордың орынбасарлары:**

*Медетов Нурлан Амирович*  
физика-математика ғылымдарының докторы  
*Ташетов Аманжол Аскарович*  
PhD докторы

**Редакциялық алқа мүшелері:**

*Утегенова Бибикуль Мазановна*  
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент  
*Евдокимова Ольга Николаевна*  
педагогикалық ғылымдар кандидаты  
*Балгабаева Гаухар Зкрияновна*  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
*Жумабаев Канат Аканович*  
кандидат экономических наук  
*Бобренко Марина Александровна*  
*Сатбаева Муснай Тулегеновна*  
*Жиенбаева Аида Аманжолқызы*

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

**ISBN 978-601-7934-72-9**

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

**ӘОЖ 378 (094)**  
**КБЖ 74.58**

*Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің*  
*Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған*

*Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты*

**ISBN 978-601-7934-72-9**

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай  
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

2. Турция в ближайшее время завершит оплату разницы за азербайджанский газ. URL: <http://www.1news.az/news/turciya-v-blichayshee-vremya-zavershit-oplatu-raznicy-za-azerbaydzhanskiy-gaz---botas>. – Botas. 23.12.2010.
3. Bonnefille René. Les réalisations d'Electricité de France concernant l'énergie marémotrice // La houille blanche. Direction des Etudes et Recherches Electricité de France. – 1976. – №2. – 58 p.
4. Delcour Laure. L'Énergie, enjeu clé pour la présidence française de l'union // Revue internationale et stratégique. – 2008/1. – №69. – p. 137-144. URL: <https://www.cairn.info/revue-internationale-et-strategique-2008-1-page-137.htm>
5. Dominique Bureau, Lionel Fontagné, Philippe Martin. Énergie et compétitivité. // Conseil d'analyse économique. – 6.2013. – №6. – P. 1-12.
6. François Caron. Histoire des chemins de fer en France, 1883-1937. – Paris, Fayard. – 1029 p.
7. François-Mathieu Poupeau. Un siècle d'intervention publique dans le secteur de l'électricité en France. HAL Id: halshs-00309065. – 5.08.2008. URL: <https://halshs.archives-ouvertes.fr/halshs-00309065>.
8. Godard Olivier. Politique de l'effet de serre. Une évaluation du plan français de quotas de CO2 // Revue française d'économie. – 2005. – Volume 19. – №4. – P. 147-186.
9. Hayat Gazzane. Pétrole: pourquoi la chute des prix n'est pas forcément une bonne nouvelle. // Le Figaro. – 09.12.2015. URL: <http://www.lefigaro.fr/economie/le-scan-eco/decryptage/2015/12/09/29002-20151209ARTFIG00176-petrole-pourquoi-la-chute-des-prix-n-est-pas-forcement-une-bonne-nouvelle.php>.
10. Jean-Michel Bezat. Fin de disette dans la production pétrolière? // Le Monde. 06 juillet 2016. URL: [http://www.lemonde.fr/economie-mondiale/article/2016/07/06/fin-de-disette-dans-la-production-petroliere\\_4964783\\_1656941.html?xtmc=france\\_et\\_kazakhstan&xtcr=26](http://www.lemonde.fr/economie-mondiale/article/2016/07/06/fin-de-disette-dans-la-production-petroliere_4964783_1656941.html?xtmc=france_et_kazakhstan&xtcr=26).
11. Jean-Michel Bezat. L'énergie, symbole de tous les patriotismes. // Le Monde 01 octobre 2007 URL: [http://www.lemonde.fr/economie/article/2007/10/01/l-energie-symbole-de-tous-les-patriotismes\\_961-399\\_3234.html?xtmc=france\\_et\\_kazakhstan\\_politique\\_energetique&xtcr=13](http://www.lemonde.fr/economie/article/2007/10/01/l-energie-symbole-de-tous-les-patriotismes_961-399_3234.html?xtmc=france_et_kazakhstan_politique_energetique&xtcr=13).
12. Jean-Michel Bezat. Une nouvelle ère commence // Le Monde 06 septembre 2005 URL: [http://www.lemonde.fr/a-la-une/article/2005/09/06/1-petrole-l-ete-ou-tout-a-basculer-une-nouvelle-ere-commence\\_686145\\_3208.html?xtmc=france\\_et\\_kazakhstan\\_politique\\_energetique&xtcr=18](http://www.lemonde.fr/a-la-une/article/2005/09/06/1-petrole-l-ete-ou-tout-a-basculer-une-nouvelle-ere-commence_686145_3208.html?xtmc=france_et_kazakhstan_politique_energetique&xtcr=18)
13. La recherche scientifique face aux défis de l'énergie. // URL: [http://www.academie-sciences.fr/pdf/rapport/rads1212\\_synthese.pdf](http://www.academie-sciences.fr/pdf/rapport/rads1212_synthese.pdf).
14. Nicolas Burq. Decroissance des ondes absence de de l'energie locale de l'equation pour le probleme exterieur et resonance au voisinage du reel. // Acta Math, Institut Mittag-Leffier. 1998. – P. 1-29.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУДАН БАСТАУ АЛАДЫ

### *Spiritual modernization begins with self-awareness*

**Б.К. Каирова<sup>1</sup>, Н.А. Касымов<sup>2</sup>**  
***B.K. Kairova<sup>1</sup>, N.A. Kasimov<sup>2</sup>***

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,  
 Қостанай, Қазақстан Республикасы, [bekbaian@mail.ru](mailto:bekbaian@mail.ru)

#### Аннотация

Мақалада «Өзін-өзі тану» пәнімен «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» бағдарламасының мағыналық байланысы қарастырылады. Өзін-өзі тану пәні студент жастардың бәсекеге қабілеттілік, жаңалықтарға сананың ашықтығы, елінің болашағын ойлау, рухани құндылықтарды қадірлеу мәселесі рухани жаңғыру бағдарламасының басымдықтарымен үндестігімен нің басты мәселелерімен сабақтастықта.

#### Abstract

The article considers the continuity of the subject «Self-knowledge» and the «Looking to the future – Rukhani zhangyru». The purpose of these two programs should become the property of the whole society, in order for Kazakhstan to become a country with competitive human capital, to create advanced educational, modern models of education and progressive forms of economic life.

*Кілт сөздер:* өзін-өзі тану, рухани-адамгершілік құндылық, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, сананың ашықтығы, адами капитал, жалпыадамзаттық құндылықтар, этникалық өзіндіксана, толеранттық.

*Key words:* self-knowledge, spiritual and moral personality, spiritual modernization, competitiveness, openness of consciousness, human capital, universal values, ethnic self-consciousness.

Қазақстан Республикасының даму келешегі адам өмірінің жоғары мәдени-экономикалық сапасына қол жеткізумен және әлемдік қоғамдастықта оның мәртебесін арттыруымен байланысты. Жоғары технологиялар дәуірінде нақты білім беру жүйесі болашақтың көкжиегін анықтап, тұрақты дамуды және мемлекеттің зияткерлік қуатын қамтамасыз етумен тығыз байланысты.

Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру үшін, алдыңғы қатарлы озық білім, білім берудің заманауи модельдері және экономикалық өмірдің прогрессивті нысандары құрылып, бүкіл қоғамның игілігіне айналуы тиіс.

Экономиканың тұрақты өсуі мен педагог мамандығының абыройы мен беделін арттыру үшін сапалы білімді қол жетімді ету арқылы жалпыадамзат құндылықтары негізінде жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерге рухани-адамгершілік білім деңгейін көтере отырып, бәсекеге қабілеттілігін, үзіліссіз өздігінен білімін жетілдеретін, отанын шексіз сүйетін, елінің материалдық-рухани баюына үлесін қосатын жастар тәрбиелеу мәселесі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасының мақсатында анық белгілінген.

Білім берудің қазіргі заманғы үлгілерін ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесімен сабақтастыра отырып, еліміздің адам ресурстарын дамыту үшін, жоғары білім беру бағдарламасында «Өзін-өзі тану» пәні жүргізіледі. Бұл пән болашақ педагог мамандардың рухани мүмкіншіліктерін, мәдени, әлеуметтік және кәсіби шығармашылық субъектісі ретіндегі мәнін ашуды және байытуды көздейді.

Бұл пән әрбір адамның өзінің өмір талабымен сәйкестілігін және өзінің бағыттылығын сезініп, түсінуіне, жалпы адамзаттық идеалдармен, жалпыұлттық қазақстандық идеямен және өзінің қайталанбас даралығымен сәйкес келетін құндылықтардың өзіндік жүйесін қалыптастыруға жағдай жасап, мүмкіндіктер тудырады.

Қазіргі кездегі әрбір педагогтің басты қызметі, міндеті – алдына келген оқушының қоғамға қызмет ету мақсатында өзінің өлшенбес әлеуетінің көзін ашып, жүзеге асыруына мүмкіндік алуы үшін өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамытуының ұйтқысы болу.

Педагогтың оқушыға ықпалы оның тұлғалық қасиеттері мен өмірлік ұстанымдарын, педагогикалық іс-әрекеттің мәні мен әлеуметтік рөлін, өзінің кәсіби міндеттері мен тұлға ретінде өзіне қоятын талаптарын сезінуімен және қабылдауының дәрежесімен анықталады. Мұғалімнің дүниетанымы, көзқарастары жоғары мектеп студенттерінің өз өмірінің мәні мен мақсаттарын, өзінің мүмкіншіліктерін түсінуге, әлемге және қоршаған ортаға қатысты адамгершілік, ізгілік ұстанымдарын айқындауға септігін тигізеді.

Қазіргі кездегі жоғары білім беру орындарындағы гуманитарлық білім рухани жаңғыру бағдарламасын негізге ала отырып, мәдениеттің жеткен жетістіктері негізінде құрылған. Ол жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде студенттердің кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастыра отырып, жоғары сапалы өмір салтын қамтамасыз етуге бағытталған. Тұлғаның «құндылық» категориясы ақиқат өмірдегі жоғары адамгершілік мәні бар, әлеуметтік және мәдени маңызды құбылыстарды біріктіреді.

Студенттер университет қабырғасында оқу кезеңінде адамзат эволюциясы жасаған рухани және материалдық құндылықтар жүйесін кеңейтеді. Құндылықтар тұлғаның рухани еңбегі нәтижесінде игеріледі. Құндылықтар интериоризациясы әрбір адамның когнитивтік және сезімдік-эмоционалдық, рационалдық және эмпирикалық, әлеуметтік және жеке даралық, танымдық құрылымдары негізінде диалектикалық бірлік механизмі негізінде тізіледі.

Оқу үрдісіндегі құндылықтар өмір талабымен релеванттылықта құрылуда. Соңғы кездері қоғамдық санада рухани қызығушылық пен адамның қажеттіліктеріне қарай ауысушылық байқалады. Оны Қазақстан Республикасының алғашқы президенті Н.Ә. Назарбаевтің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Туған жер», «Мәңгілік ел», сонымен қатар жыл сайынға халыққа жолдауынан көруге болады. Осыған байланысты, жоғары оқу орнында оқылатын гуманитарлық пәндерде осы бағдарламалардың басымдылықтарын жарқын дүниетанымдық бағыт ретінде басшылыққа алынады. Гуманитарлық құрылым адамзат қауымдастығының әлеуметтік тәжірибелері негізінде тұлғаның рухани дамуы мен оның ішкі жан дүниесін байытуға бағытталған.

Тұлғаның дамуы мен белсенділігінің қайнар көзі оның қажеттіліктері. Танымға деген қажеттілік өзіндік «Мен» қасиетін әлеуметтік қажеттіліктері негізінде еңбекке, қарым-қатынасқа, жетістіктерге жету т.б. қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысудан басталады. Ол рухани жаңғыру бағдарламасының «бәсекеге қабілеттілік», «Білімнің салтанат құруы», «сананың ашықтығы» басымдықтарында анық айқындалған. Сонымен, танымға деген қажеттілік өзінің ішкі жан дүниесін танудан, жетілдіруден және өз өмірін мәнді де мағыналы етуге жол ашады.

Тұлғаның өзін-өзі тануы, өзін-өзі дамыту мен жетілдірудің жағдайы бола отырып, адамның табиғи потенциалдық мүмкіндіктерін ашуға жол ашады. Өзін-өзі тану арқылы адам тұлғалық өсу мен өзін-өзі жетілдіру нәтижесінде толыққанды, қуанышты өмір салтын құра отырып, сол өмірдің мәні мен мағынасын ұғынады. Өмірдің мәні мен мағынасы жайлы сұрақтар төңірегінде туындаған сұрақтарға өмірдегі рухани-мәдени мұралар мен үлгілерге еліктеу арқылы жаңа мағынаға көтерілу. Болашақ мұғалімдердің тұлғалық, кәсіптік өсуін олардың өзін-өзі түсінуі мен ашуы, жаңа тәжірибелер жинауға жауапкершілікпен қарап, айналасындағы адамдарды түсіну мен қабылдауы, шығармашылық белсенділігі негізінде ақиқат дүниені оптимистік қабылдауын кеңейтеді.

Қазақстандық білім беру дүние жүзілік білім беру кеңістігіне кіре отырып, жоғары мектептің алдына жаңа формациядағы белсенді өмірлік позициясы бар, құзіретті, жаңалықтарға ашық болашақ мамандарды қалыптастыру міндетін қояды. Осыған байланысты, болашақ мұғалімдерді жалпы мәдени-рухани және кәсіптік даярлауда «Өзін-өзі тану» пәні ерекше орынға ие бола алады.

Студенттік жылдары жеке тұлға дамуында болашақ мұғалімдердің кәсіптік бағадары, мінез-құлықтары мен азаматтық өзіндік санасы, болашақтағы тағдыры туралы рефлексивті ойлар мен сезімдік-эмоциялық қарым-қатынас өрісі қарқынды дами отырып, этникалық-гендерлік сәйкестік пен болашақ отбасын жоспарлау мен құру туралы ой-саналары қалыптасады. Оны рухани-жаңғыру бағдарламасындағы «ұлттық бірегейлікті сақтау» басымдылығында атап көрсетілген «ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухты бойында сақтаған» маман қалыптастыру арқылы қол жеткізуге болады.

Бүгінгі студент ертеңгі мұғалімдер. Олар ертең мектепке келгенде өздерінің педагогикалық қызметінде рухани-адамгершілік білім беруді университет қабырғасында оқып жүргенде игерген білімдеріне, практикалық тәжірибелеріне сүйенеді. Әрине, оқу практикалары және өмірлік тәжірибемен де көптеген әлеуметтік-психологиялық қасиеттерді игереді. Қазіргі кезде педагог қызметіне ерекше талаптар қойылады. Оның бойында гуманистік дүниетаным, ой өрісі кең, жоғарғы кәсіптік шеберлік, жеке адамдар арасындағы қатынасын мәдениетті құратын маман болуы қажет. Аталмыш пәннің гуманистік мазмұны мұғалімнің өз іс-әрекетінде эмоционалды қолдаушылық, зерттеушілік, рефлексивтік қызметтерді басшылыққа алып, жүзеге асыруы нәтижесінде қол жеткізіледі. Н.А. Добролюбовтің сөзімен айтқанда «Шәкірттерінің өзін қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтаса, оның балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, балаларды шаттандыра алады, оның әрбір сөзі баланың жүрегіне терең орнығады, демек оның барлық тәрбие жұмысы игілікті болады», – деген. Демек, әрбір педагог баланың мектепке келген сәтінен бастап, оның үйіне

қайтатын уақытына дейінгі кезеңде онымен тікелей үйлесімді қарым-қатынас құрып, білуге деген қажеттілігін толық қанағаттандырып, сарқылмас білім мен тәрбиенің қайнар көзіне айналғанда, сол педагог әрқашанда балалардың құрметіне ие болады. Педагог әр сабағында әр баланың танымдық қызығушылығын оятып, әртүрлі оқыту технологиялары арқылы оның ақпараттық-коммуникациялық таным шеңберін кеңейтіп отыру үшін интерактивтік әдіс-тәсілдерді шебер қолдана білуі қажет. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда интерактивті әдістер кеңінен қолданылады: арттерапия, медитация, әлеуметтік-психологиялық тренинг, іскерлік ойындармен қатар бай әдеби шығармалармен, өнер және мәдениет туындыларымен таныстыру т.б. Сонымен қатар сабақ барысында:

- дәстүрлі (сәлемдесу – кешіру, бой жазу ойындары, интерактивті ойындар, ойын-жаттығулар);
- позитивті ойлау (тыныштықта отыру, әуен тыңдау);
- әңгіме-дәріс, дискуссия, «пікір талас», өзекті мәселелерді шешу, ситуацияларды ойнау т.б.;
- көркем шығармаларды, халық ауыз шығармаларын тыңдау, талқылау (әңгімелесу, дискуссия, талдау, пікір алмасу);
- ортақ шығармашылық (кіші топтарда ұйымдастырылатын әрекеттер: коллаждар жасау, өзекті мәселелер бойынша презентациялар, жобалар жасп қорғау);
- өз еріктерімен атқаратын әрекеттері: студент дәптерімен, хрестоматиялармен жұмыстар жасау, бейнематериалдар мен зерттеу жұмыстарын жүргізу);
- көркем бейне материалдарды қарау, оған психологиялық талдау жасау т.б..

Интерактивті оқыту әдістері «Өзін-өзі тану» сабақтарын тиімді ұйымдастырып, студенттердің белсенділігі мен қызығушылықтарын тудырады. Ой-өріс, іс-әрекеттік белсенділігімен қатар эмоционалдық көңіл-күйлерін жоғарылатуға, шығармашылық негізде құрылатын сабақтар олардың бір-бірімен, мұғалімдермен конструктивті қарым-қатынастарын жақсартуға жол ашады. Талқыланған бейнематериалдар, өсиет әңгімелер мен өнер туындылары студенттердің рухани мүмкіндіктерін ашып, өздерінің мета жоспарын жасауға негіз береді.

Сабақ барысында мұғалім баланың жеке даралық және әрбір жас кезеңіне байланысты өзгермелі болатын психикалық даму заңдылықтарын, табиғи мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде ұйымдастырып отырса, рухани жаңғыру бағдарламасында көтерілген басымылықтар жүзеге асып, сонда ғана болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім деңгейі жемісті болмақ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдайдың бәрін жасау» деп көрсетілген. Ондағы негізгі мақсат – қазіргі тәуелсіз еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан-жақты өнегелі тәрбие беру, ұлттық сана-сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары дамыған, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, салауатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат тәрбиелеу. Осы мақсат, міндеттерді жүзеге асыруда «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру пәндері қатарынан лайықты орын алады.

Сонымен, өзін-өзі тану пәні әлемнің ең басты құндылығы – адам және адамның өмір сүруі үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Өмірдің осындай қарапайым ақиқатына – ұлттық құндылықтарды меңгерген, Елінің адал ұлы, Адам деген ардақты атқа лайық ұрпақ қалыптастыру үшін алдымен рухани қуат берілуі қажет. Әлемнің тұтастық картинасын қабылдаған, жалпы адамзаттық құндылықтарды, рухани жаңғыру бағдарламасының басымдылықтарын игерген жастар тәрбиесінде көрнекті педагогымыз Ахмет Байтұрсынұлының: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген сөзін ескере отырып, ертеңгі күні елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуде үлкен ізденіс, парасат, жауапкершілікті ересектер (педагогтар) өздеріне алып, үлгі-өнеге болулары қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – Астана, 2018.
2. Шеръязданова Х.Т. Концепция самопознания. – Алматы, 2002. – 56 с.
3. Маралов В.Г. Основы самопознания и саморазвития. Учебное пособие 2-е изд. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 256 с.
4. Каирова Б.К. Өзін-өзі тану – студент тұлғасын өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру жолы: оқу-әдістемелік құралы. – Костанай, 2015. – 88 б.

### КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД В СИСТЕМЕ ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

#### *Competence approach in the system of post-university education*

**А.Х. Усембаева**  
**A.H. Ussembayeva**

Костанайский государственный педагогический университет имени У. Султангазина,  
Костанай, Республика Казахстан, [assiya\\_6499@mail.ru](mailto:assiya_6499@mail.ru)

#### **Аннотация**

В статье рассматриваются вопросы значимости и качества высшего и послевузовского образования. Показаны возможности использования компетентностного подхода в современных условиях системы послевузовского образования.

#### **Abstract**

The article discusses the importance and quality of higher and postgraduate education. The possibilities of using the competence approach in modern conditions of the system of postgraduate education are shown.

*Ключевые слова:* высшее образование, послевузовское образование, компетентностный подход, качество образования, научно-педагогические кадры.

*Key words:* higher education, postgraduate education, competence-based approach, quality of education, scientific and pedagogical staff.

Вступление Казахстана в Болонский процесс способствовало пересмотру системы образования в нашей стране и как следствие тому, стали вводиться реформы в отечественном образовании, и в частности, в системе высшего образования. В материалах доклада Всемирного банка высшее образование характеризуется как важнейший элемент развития человеческого потенциала для страны, дающее подготовку таких специалистов, которые обеспечивают формирование интеллектуального потенциала и развитие аналитических навыков, продвигают вперед национальную экономику, являются опорой гражданского общества, учат детей, возглавляют эффективно работающие правительства и принимают важные решения, которые оказывают влияние на жизнь всего общества [1, с. 9]. Следует добавить, что такие явления как глобализация и интернационализация высшего образования оказывают влияние на национальную систему образования как развитых, так и развивающихся и с переходной экономикой стран. В связи с этим, мы полагаем, что перед нашим отечественным высшим образованием стоят одновременно две сложные задачи: успешное вхождение в мировое образовательное пространство и поиск адекватных и эффективных решений по его (имеется ввиду отечественное образование) преобразованию в связи с возникающими мировыми тенденциями. Высокий уровень качества высшего образования предполагает «профессиональную подготовку компетентных и конкурентноспособных специалистов для всех отраслей экономики республики в интеграции с наукой и производством» [2].

### 3 СЕКЦИЯ

**ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ  
РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА И РЕАЛИЗАЦИЯ ОСНОВНЫХ ПРИНЦИПОВ  
ПРОГРАММЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»  
SOCIETY DEVELOPMENT AND IMPLEMENTATION  
OF THE BASIC PRINCIPLES OF «МӘҢГІЛІК ЕЛ» PROGRAM**

<i>Агдавлетова А.Ш.</i> Қоғамның дамуы және «Мәңгілік ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру .....	248
<i>Ақанбаев Б.Н., Шамитдинов А.М.</i> Қазіргі қазақ жастарының «жақсылық» этикасы.....	250
<i>Алипбаева Г.А., Маннапова Д.Х.</i> «Ниткография», «Тұзбен сурет салу» атты дәстүрлі емес сурет салу техникаларын қолдану арқылы кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың графо – моторлық дағдыларын дамыту .....	256
<i>Амантаева А.Б.</i> Духовное единство народа – гарант стабильности Казахского общества.....	260
<i>Баубекова Г.К., Омарова К.И.</i> Анализ миграционных процессов Северного Казахстана за 2012-2017 годы.....	265
<i>Бекмаганбетова Г.К.</i> Взаимодействия семьи и школы по формированию у младших школьников семейных ценностей как реализация одного из направлений программы «Рухани жаңғыру» .....	269
<i>Болгарина Б.К.</i> Актуальные вопросы обеспечения молодежной среды как территория без терроризма согласно программе «Мәңгілік ел» .....	273
<i>Каппасова Ш.Е., Бурabay А.Қ.</i> Латын әліпбиі – рухани тәуелсіздікке жасалған жарқын кадам! .....	277
<i>Кусаинов Г.Б.</i> Национальные приоритеты в контексте духовной модернизации .....	281
<i>Лантух Я.С., Иванова Е.Н.</i> Роль учителя начальных классов по внедрению ценностей идеи «Мәңгілік ел» в учебно-воспитательный процесс.....	285
<i>Печёркина М.В., Крамок З.С., Бексултанов Д.Т., Альшианова Б.Х.</i> Культурно-философская экспликация сверхчеловеческого образа в контексте гуманизма и общественном дискурсе .....	288
<i>Насрединова А.Е., Ерназарова А.С.</i> Тәуелсіз елдің жас ұрпағын – патриоттыққа тәрбиелеу .....	292
<i>Назмутдинов Р.А., Ильина Д.В.</i> Ценностная сфера личности как основа для возрождения духа нации .....	294
<i>Салмагамбетова С.С.</i> Развитие познавательных способностей, обучающихся с особыми образовательными потребностями средствами английского языка .....	299
<i>Сатыбалдина Р.А.</i> Национальная идеология независимого Казахстана «Мәңгілік ел» .....	303
<i>Исмаилов С.С., Бисембаева А.К.</i> Основные направления развития науки в соответствии с программными статьями Президента Казахстана Н.А. Назарбаева .....	307
<i>Телебаев Г.Т.</i> Ценности идеи «Мәңгілік ел» в образовательном процессе.....	310
<i>Шаукенов Ж.А.</i> Ұлтаралық келісім доктринасы және «Мәңгілік ел» идеясы .....	316
<i>Шумейко Т.С.</i> Духовно-нравственные аспекты технологического образования .....	321
<i>Абильмаликов К.К.</i> Взаимоотношения Азербайджана и Франции в области энергетических ресурсов.....	326
<i>Каирова Б.К., Касымов Н.А.</i> Рухани жаңғыру өзін-өзі танудан бастау алады .....	331
<i>Усембаева А.Х.</i> Компетентностный подход в системе послевузовского образования .....	335